

Развивается пояс предприятий вокруг крупных компаний, которые заключили 1 318 партнёрских соглашений с местными предпринимателями по поставке продукции на 104,7 млрд тенге.

Основам ведения своего дела обучено более 7 тысяч человек. В том числе по проектам: «Бастау-Бизнес» - 3 700, «Жас Кәсіпкер» - 1 350, «Бизнес-Школа» - 2 052. На открытие собственного дела предоставлено 2 058 грантов молодым предпринимателям, многодетным матерям и другим категориям граждан на сумму 435 млн тенге. На карте области за год появилось 287 новых проектов в сфере торговли и услуг на 18,4 млрд тенге с созданием 1 416 постоянных рабочих мест.

По поддержке предпринимательства оказано 17 тысяч консультаций, продолжили работу комиссии по вопросам предпринимательства, начали проведение Единого дня отчёта контрольно-надзорных органов перед бизнесом.

Налоговые каникулы и мораторий на проверки сроком на 3 года станут новым этапом в развитии предпринимательства. Это позволит расширить производство, увеличить рабочие места, открыть новые ниши для бизнеса.

Большие перспективы развития МСБ в новых сегментах сервисной экономики: это современная розничная торговля, индустрия гостеприимства, транспортные, образовательные и медицинские услуги, бытовое обслуживание. В целом по итогам года количество действующих субъектов МСБ выросло на 5,1% и достигло 88 299 единиц, выпуск продукции ожидается на уровне 1 трлн 500 млрд тенге.

Литература:

1. Закон Республики Казахстан «Об иностранных инвестициях» от 30 декабря 1995 г.
2. Закон Республики Казахстан «Об изменениях и дополнениях в Закон Республики Казахстан «Об иностранных инвестициях» от 16.06 1997 г.
3. Закон Республики Казахстан от 8 января 2003 года N 373 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 29.12.2014 г.)
4. Государственная программа индустриально-инновационного развития на 2015-2019 годы утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 1 августа 2014 года № 874.

Кунанбаев Р.Б., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің заң факультетінің 4 курс студенті

(Ғылыми жетекшісі - Р.А.Тоқатов, Академик Е.А.Бөкетов атындағы университетінің азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м.)

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұсынылып отырған тақырып аясында негізгі түсінік ретінде тұтынушылықты қарастырып кетейік, бұл сөз ағылшын тілінің консьюмеризм терминынан шығады, ал ол болса тұтынушылар құқығын қорғау қозғалысының тарихи құбылысы ретінде және тұтынудың сипаттамасы ретінде қолданылады.[1]

Экономикалық нарықта негізінен екі субъект қарастырылады сатушы және сатып алушы (тұтынушы). Қандай жағдай болмасын бұл екі субъект бір біріне тәуелді және тепе-теңдік қатынасында болуы керек, ал мемлекет өз кезегінде құқықтық негіздер бойынша осы теңдіктің сақталуын қамтамасыз етеді. Және де бұл теңдіктің тұрақтылығы нарықтық экономиканың дамуында елеулі рөл атқарады. Теңдік бұзылған жағдайда экономикалық тұрақтылыққа нұқсан келіп нарықтық қатынас нысанына әкеліп соғуы мүмкін. Мемлекет соның негізінде жоспарлы экономикаға да көшіп кетуі ғажап емес.

1991 жылы 5 маусымда Қазақ КСР-нің «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» алғашқы заңы қабылданды. Бұл заң тұтынушылардың ақпаратқа, өнімнің тиісті сапасына, өнімдер туралы толық және сенімді ақпаратқа, өнімдердің, қызметтердің, жұмыстардың қауіпсіздігі, келтірілген зиянның орнын толтыру, тұтынушылар қоғамына бірігу және сотқа жүгіну жөніндегі негізгі құқықтарын бекітті, сонымен қатар тұтынушылардың құқықтарын бұзғаны үшін 11-баптың 4, 8 тармақтары, 20-баптың 3, 4 тармақтары бойынша айыппұлдар қарастырылды. Заң мазмұнында тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу, тұтынушылардың құқықтары және оларды қорғау, сатушының (дайындаушының, орындаушының) құқықтары мен міндеттері,

жұмысты орындау (қызмет көрсету), Тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері, Тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі шараларға байланысты ережелер жиынтығы бекітілген.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамдарын құру мен дамытуда маңызды рөл атқарды. Осы заңның 20, 22-баптарына сәйкес азаматтың талаптарын қанағаттандыру кезінде сот сатушыдан, өндірушіден оның талаптарын өз еркімен қанағаттандырудан бас тартқаны үшін талап етілетін шығындар мөлшерінде тиісті бюджеттің кірісіне айыппұл өндіру туралы мәселені шешеді; тұтынушылар құқығын қорғау қоғамы талап қойған кезде осы айыппұл сомасының 30% тұтыну қоғамының есеп айырысу шотына аударылып отырды.

Бұл тұтынушылар құқығын қорғау қоғамдарын қаржыландырудың қосымша көзі болды. Кейбір аймақтарда тұтынушылар құқығын қорғау қоғамдарының жұмысын жеңілдету үшін әкімдер тұтынушылар құқығын қорғау қоғамдарына аударылған айыппұл сомасының пайыздық мөлшерін көбейтті. 1994 жылы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын кәсіпкерлікті қолдау агенттігінің жанынан тұтынушылардың құқықтарын қорғау бөлімі құрылды. 1995 жыл тұрғын үй реформасы бойынша мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырумен байланысты азаматтар өздерінің пәтерлерін жекешелендірді (мемлекеттен сатып алды), сол арқылы олардың иелері болды. Осы мәселелерді шешу үшін ПИК (пәтер иелерінің кооперативі) қызметіне қатысатын тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды.[2]

Қазіргі таңда Тұтынушылар құқығын қорғаудың құқықтық негізі Конституциядағы ең басты құндылық ретінде қарастырылатын адамның денсаулығын атап өткеніміз жөн, ол нормалар ҚР Конституциясының 29 және 31 баптарында көрініс табады. Және де осы саланың негізгі қайнар көзі ретінде бірқатар актілердің тізілімін атап өтсек олар, ҚР Азаматтық кодексінің 10-бабында Кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі көрсетіледі және кәсіпкерлік туралы түсінік, мемлекет тарапынан кәсіпкерлік еркіндікке кепілдік берілгендігі бекітілген. Сонымен қатар, кодексте Зандарда тыйым салынбаған қызметті жүзеге асырушы кәсіпкерлердің және тұтынушылардың құқықтары айқындалған. Осы саланың негізгі заңы болып Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Заңы табылады. Және де Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 544 Сауда қызметін реттеу туралы заңы, 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 508 Жарнама туралы заңдары осы саладағы құқықтық мәселелерді шешуге бағытталған.[3]

Қазақстан Республикасының Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңы тұтынушы мен белгілі бір қызмет және тауар түрлерін ұсынушы немесе сатушы тараптардың қарым-қатынасын реттейді және олардың құқықтары мен міндеттерін бекітеді. Тұтынушылар құқығын қорғау келесі қағидаттар негізінде :

- 1) тұтынушылардың экономикалық мүдделеріне жәрдемдесу және осы мүдделерді қорғау;
- 2) сатушы (дайындаушы, орындаушы) ұсынатын тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы ақпараттың қолжетімділігі және дұрыстығы;
- 3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерінде тұтынушыларды ағарту, тұтынушының құқықтық сауаттылығын арттыру;
- 4) тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың оларды қорғауды қамтамасыз ететін іс-шаралардың дәйектілігіне негізделген тиімді жүйесін қамтамасыз ету;
- 4-1) электрондық коммерцияда тұтынушылардың заңды мүдделерінің басқа сауда нысандарында ұсынылатын қорғау деңгейінен кем емес қорғалуын қамтамасыз ету;
- 5) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің, қауымдастықтардың (одақтардың) тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге қатысуы;
- 6) тұтынушыларды қауіпсіз және сапалы тауарлармен (жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен) қамтамасыз ету қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.[4]

Осы заң жүйесі бойынша Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесіне 19 орталық және 17 жергілікті атқарушы орган кіреді. Тізілімге сәйкес, мемлекеттік органдар квазимемлекеттік сектор субъектілерімен бірге жеке тұлғаларға білім беру, денсаулық сақтау, ветеринария, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, байланыс және т.б. салаларда барлығы 574 қызмет көрсетеді.[5]. Қазақстан Республикасында сала бойынша барынша жүйелі жұмыстар атқарылып жатқаны анық. Және де сала бойынша омбудсмен институтының енгізілуі сала мәселелерінің бірқатар шешілуін қамтамасыз ететіні анық.

Осы ұсынылып отырған ақпараттар негізінде сала бойынша туындайтын бірқатар мәселелерді айта кетсек:

1) Елімізде тамақ өнімдерінің сапасына байланысты күнделікті өмірде келіспеушіліктер орын алып жатады. Тамақ өнімдерінің халықтың әл-ауқаты мен денсаулығын сақтау үшін маңызы зор екендігі белгілі. Аталған келіспеушіліктер әрқашан өзінің қажетті деңгейдегі шешімін таба бермейді. Қазіргі дамыған технология аясында осы мәселелерді ұзақ бюрократиялық қақтығыстарсыз шешкен жөн деп ойлаймыз. Соның негізінде осы тамақ өнімдеріне байланысты смартфондарға мобильді қосымша енгізу бірден-бір шешімі болып табылады. Қазіргі смартфондарда QR кодын тану қызметі орнатылған сол секілді тауар штрих кодын танытын қызметін бекіту қажет. Келіспеушілік пайда болған жағдайда кассалық аппарат жады негізінде тауар сатушыны табуға оңай болады. Мобильді қосымша тиісті мемлекеттік органға есеп жіберіп отырады. Осы жіберілген есептер бойынша тиісті санкциялар қабылданып, мәселелердің тездетіп шешілуіне өзінің септігін тигізеді деген ойдамыз.

2) Тауар туралы ақпараттың ұсынылуы. Азаматтық заңнама бойынша ақпараттың толық және анық болуы керек екендігі белгілі. Заңнама бойынша бұл ақпаратқа мыналар кіреді: өнімнің атауы, тауарлардың негізгі тұтынушылық қасиеттері туралы ақпарат (тағамдық құндылығы, әдісі, жасалған күні мен орны, қарсы көрсеткіштері, салмағы), бағасы, кепілдік мерзімі, тауарларды тиімді және қауіпсіз пайдалану, осы тауарлардың қызмет ету мерзімі (сақтау мерзімі) және тұтынушының көрсетілген уақыт кезеңдерінен кейінгі қажетті әрекеттері туралы ақпарат, өндірушінің мекен-жайы және фирмалық атауы, тауарларды сату ережелері туралы ақпарат және т.б. Және де осы ақпараттың орналасу ерекшелігіне де назар аударған жөн. Ақпарат тауардың бүгілетін немесе анық көрінбейтін бөлігіне де орналасуы мүмкін және де тауар туралы ақпараттың қаріп өлшеміннің қажет деңгейден кіші болуы өз кезегінде тауар тұтынушының қажет ақпаратпен танысуына кедергі туындатады. Еске сала кетсек бұл ҚР Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңының 10 бабында белгіленген құқықтарын бұзады. Бірақ тауар ұсынушы тарап немесе дайындаушы бұл талаптарды әрқашан ескере бермейді. Сол себепті осы заңға ақпарат туралы нақты бір бапты арнап, осы мәселенің толықтай шешімін бекіту қажет деген ойдамыз.

Әдебиеттер:

1. <https://encyclopaedia.bid/консьюмеризм>
2. https://potrebitel.kz/?page_id=561 История создания Потребительского движения в Казахстане
3. Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ.
4. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-ІV Заңы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000274_z100274.htm
5. Қазақстанда тұтынушылардың құқығын қорғау саласында 65 қоғамдық ұйым жұмыс істейді — ҚР СИМ <https://primeminister.kz/kz/news/kazakstanda-tutynushylardyn-kukygyyn-korgau-salasynda-65-kogamdyk-uyym-zhumys-isteydi-sim-2282443>

Құтжан І.Д., Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, ФФЛЦТ факультеті, гр. УА-12 НП, магистрант.

(Ғылыми жетекші - PhD доцент Ламбекова А.Н)

БАСҚАРУ ЕСЕБІНІҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Қазіргі уақытта Әлемдік және отандық өндіріс нарықтарында өндіріс және қызмет көрсету саласындағы бәсекелестіктің күшеюі, технологиялар мен интеграцияланған жүйелердің қарқынды дамуы, бизнесті әртараптандыру және коммерциялық ұйымдарды басқарудағы бизнес-процестердің күрделенуі барлық бақылау және талдау жүйелерін түрлендіру мен үйлестіру қажеттілігіне алып келеді. Қазіргі уақытта Басқару есебін жүргізу проблемалары өзекті бола түсуде, өйткені нарықтық экономиканың қалыптасуы мен дамуы жағдайында ұйымдардағы басқару мен басқару есебі ерекше рөл атқарады. Осыған орай басқару есебінің маңыздылығына байланысты басқару есебінің пайда болу тарихына шолу жасап өтсек.

Алғаш рет "Басқару есебі" термині дамыған ағылшын тілді елдерде өткен ғасырдың ортасынан бастап өнеркәсіптік революция кезеңінде темір жолдардың, фабрикалардың және зауыттардың дамуымен, ал Ресейде – шаруашылық жүргізудің нарықтық жағдайларына көшумен айтыла бастады.